**Бекітемін:**

**Мектеп директоры: Н.Мұсаев**

**«Суындық» жалпы білім беретін мектеп кітапханасының қазан айына арналған**

**іс-шара жоспары**

| **Қ/с** | **Өткізілген іс-шара** | **Мерзімі** | **Жауаптылар** |
|---|---|---|---|
| 1 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ы.Алтынсарин, Б.Соқпақбаев кітаптарын оқып әңгімелеп беру<br>5-6 сынып оқушылары | Қазан | А.Ахметова<br>Сынып жетекшілер |
| 2 | Жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл (кітапханалық көрме) | Қазан | А.Ахметова |
| 3 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына ертегілер еліне саяхат | Қазан | А.Ахметова<br>Сынып жетекшілер |
| 4 | «Рәміздерім - мақтанышым» кітап көрмесі | Қазан | А.Ахметова |
| 5 | Ұқыптылық оқушы міндеті<br>Оқулықтарды тексеру | Жыл бойына | А.Ахметова<br>С.Имамова тәлімгер |

Кітапханашы А.Ахметова

**Бердібек Соқпақбаев-балалар әдебиетінің бәйтерегі сабағы туралы мәліметі**

20 қазан күні мектеп кітапханасында балалар әдебиетінің классигі, көрнекті жазушы Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығына арнап «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты кітапханалық сабақ өтті.

Мектеп кітапханашысы А.Ахметова .Соқпақбаевтың шығармашылық жолына тоқталды. «1957 жылы жазылған «Менің атым Қожа» повесі — қазақ балалар әдебиетінің ең озық туындысы. Повесть Франция, Польша, Чехославакия, Болгария және басқа елдерде басылып, орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылды. Сонымен қатар, 1967 жылы осы шығарма бойынша түсірілген фильм Канн қаласында өткен Халықаралық фестивальде арнаулы жүлдеге ие болды. Оның қаламынан шыққан «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым Қожа», «Алыстағы ауылда» атты шығармаларын қайта-қайта оқимын», — деді ол.

«Шынайы да шыншыл суреткер көркемдік әлемінің азаптарын бастан кешкен кезде ғана, бір белестен екінші белеске сәтті көтеріле біледі. Демек, екінші сөзбен айтқанда, болашақ шығарманың да жұлдызы жарық болады. Бердібектің «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым Қожа», «Қайдасың, Гаухар!» повестері мен «Өлгендер қайтып келмейді» романы осындай биік талғамның, көркемдік әлемінің сәтті туындысы болды. Бұл шығармаларда тек жазушы Бердібекке ғана тән тапқырлық пен тиянақтылық, суреттеу құралдарының дәлдігі, кейіпкер әрекетінің табиғилығы, сезім арпалысының сенімді суреттері «мен мұндалап» тұр», — деп Тахауи Ахтанов айтқандай, Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары әдебиетіміздің мәңгілік мақтанышы боп жасай береді





